

Мемлекет бастамашылығымен банкрот деп танылған, таратылатын кәсіпорындардың мүлкін (активтерін) сату алдындағы дайындық және сату жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 19 маусымдағы N 576

Отандық өндірісті одан әрі ынталандыру және халықтың жұмыспен қамтылуын ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекет бастамашылығымен банкрот деп танылған, таратылатын кәсіпорындардың мүлкін (активтерін) сату алдындағы дайындық және сату жөніндегі 1998-1999 жылдарға арналған шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамы Мемлекет бастамашылығымен банкрот деп танылған, таратылатын кәсіпорындардың мүлкін (активтерін) сату алдындағы дайындық және сату жөніндегі 1998-1999 жылдарға арналған шаралар жоспарын жүзеге асыру жөнінде шаралар қ а б ы л д а с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекет

бастамашылығымен банкрот деп танылған, таратылатын кәсіпорындардың мүлкін (активтерін) сату алдындағы дайындық және сату тәртібі туралы Ережені 1998 жылдың 1 шілдесіне дейін мерзімде әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 19 маусымдағы
N 576 қаулысымен
бекітілген

Мемлекет бастамашылығымен банкрот деп танылған,
таратылатын кәсіпорындардың мүлкін (активтерін) сату

алдындағы дайындық және сату жөніндегі
1998-1999 жылдарға арналған шаралар жоспары

N Шара	Аяқталу нысаны
1. Бюджетке және бюджеттен тыс қорларға берешегі бар, төлем қабілеті жоқ ұйымдарға талдау жүргізу	Талдау нәтижелері бойынша қорытындылар
2. Бюджетке және бюджеттен тыс қорларға берешегі бар дәрменсіз ұйымдардың тізбесін бекіту	Министрдің бұйрығы
3. Өндірістік қуаттарды сату кезінде неғұрлым перспективалы болатын ұйымдардың тізбесін анықтау және олардың активтерін сату жөнінде ұсыныстар енгізу	Тізбе, ұсыныстар
4. Соттық, сондай-ақ соттан тыс рәсімдерді қолдана отырып, дәрменсіз ұйымдарды банкрот деп тану үшін шаралар қабылдау	Талап арыздар және кредиторлар жиналыстарының шешімдері
5. Таратылатын ұйымдардың активтерін заңдарда белгіленген тәртіппен бағалау, сондай-ақ активтерді сегменттеу, жинақтау және сату жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Ұсыныстар, ұсынымдар, несие берушілер комитеттерінің шешімдері
6. Таратылатын ұйымдардан сатылатын активтерін жарнамалау жөнінде шараларды ұйымдастыру, қаржы агенттерімен келісім-шарттар жасасу	Проспектілер, хабарландырулар, келісім-шарттар
7. Таратылатын ұйымдардың активтерін сату, аукциондарды дайындау және өткізу, сатып алу-сату	Аукциондар, сатып алу-сату шарттары

| шарттарын жасасу

8. Мемлекеттің бастамашылығымен | Үкімет қаулысы

| банкрот деп танылған, таратылатын |
| ұйымдардың мүлкін (активтерін) сату |
| алдындағы дайындық және сату |
| тәртібі туралы ережені әзірлеу және |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің |
| бекітуіне ұсыну

N | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар

1. 1998 жылдың маусым-тамызы | "Кәсіпорындарды қайта

| ұйымдастыру және тарату
| жөніндегі агенттік" АҚ,
| Қазақстан Республикасы
| Қаржы министрлігінің
| Салық комитеті

2. 1998 жылдың маусым-шілдесі | Қазақстан Республикасының

| Қаржы министрлігі

3. 1998 жылдың маусым-шілдесі | Қазақстан Республикасының

| Энергетика, индустрия және
| сауда министрлігі

4. 1998 жылдың шілде-тамызы | "Кәсіпорындарды қайта

| ұйымдастыру және тарату
| жөніндегі агенттік" АҚ

5. 1998-1999 жылдар | "Кәсіпорындарды қайта

| ұйымдастыру және тарату
| жөніндегі агенттік" АҚ,
| Қазақстан Республикасы
| Энергетика, индустрия
| және сауда министрлігі,
| конкурстық басқарушылар
| (келісім бойынша)

6. | 1998-1999 жылдар | "Кәсіпорындарды қайта
| ұйымдастыру және тарату
| жөніндегі агенттік" АҚ,
| конкурстық басқарушылар
| (келісім бойынша)

7. | 1998-1999 жылдар | "Кәсіпорындарды қайта
| ұйымдастыру және тарату
| жөніндегі агенттік" АҚ,
| конкурстық басқарушылар
| (келісім бойынша)

8. | 1998 жылдың 1 шілдесіне дейін | Қазақстан Республикасының
| Қаржы министрлігі,
| "Кәсіпорындарды қайта
| ұйымдастыру және тарату
| жөніндегі агенттік" АҚ
